

Республикада валюталық бақылау ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 31 тамыз N 1207. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.19. N 753 қаулысымен.

Республикада валюталық зандардың және валюталық операцияларды жүргізу тәртіптерінің сақталуына, мемлекеттік органдар мен шаруашылық жүргізуши субъектілердің шетелдік кредиттерді нысаналы пайдалануына және дар кезінде өтеуіне, валюталық түсімдердің, шетелдік валютамен басқа да міндепті аударымдардың мемлекет кірісіне толық және мерзімінде түсуіне қамтамасыз етуге бақылауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикадағы валюталық бақылаудың мемлекеттік органды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі болып белгіленсін.
2. "Валюталық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына Z932100_ сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасында валюталық реттеуді жүзеге асыратын негізгі орган болып табылатыны ескерілсін. Ол валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелеріндегі қызметтерін " Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының Z952155_ 48, 56, 61 және 62-баптарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:
шетелдік инвесторлардан тиесілі міндепті төлемдердің барлық түрлерінің (бонустар, роялти және т.б.) республика кірісіне түсуін толық есепке алуды және бақылауды қамтамасыз етсін;

сыртқы экономикалық қызметке байланысты кірістердің бюджетке түсу жоспарын белгілеп, олардың түсуіне бақылау орнатсын;

банктерден басқа шаруашылық жүргізуши субъектілердің валюталық операцияларының бухгалтерлік есебінен және олардың есеп беруде көрініс табуының бірынғай әдістемелік негіздерін белгілесін;

халықаралық қаржы ұйымдары заемдарының бюджетке түсуінің жобалық сомасын айқындаپ, осы ұйымдардың бұдан бұрын алынған кредиттердің толық есебі мен өтелуін қамтамасыз етсін;

сыртқы қарыздарды таратуға, пайдалануға, соның ішінде техникалық көмектің сыртқы заемдары жөніндегі келісімдердің, тартылып отырған шетелдік

кредиттер бойынша қаржыландыруға ұсынылған жобалардың сараптамасына байланысты барлық мәселелерді шешуге қатысып отырсын;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жаңындағы Шетелдік капиталды пайдалану жөніндегі комитетпен және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесе отырып техникалық көмек жобаларын пайдалану бағыттарын айқындайтын болсын;

мемлекеттің сыртқы қарызының есепке алынуын қамтамасыз етіп, ол бойынша Үкіметке және Халықаралық қаржы ұйымдарына есеп беріп отырсын;

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып шаруашылық жүргізуші субъектілердің шетелдік кредиттерді пайдалану мен өтеу жөнінде есеп беруінің қажетті нысандарын бекітсін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп екінші деңгейдегі банктердің сыртқы қарыздар жөнінде есеп беруінің қажетті нысандарын бекітсін;

Қазақстан Республикасының кепілдігімен тартылатын шет мемлекеттер мен банктер заемдарының шеңберінде жасалған барлық кредиттік келісімдерді тіркеуді жүзеге асырсын;

Қазақстан Республикасының кепілдіктерін рәсімдесін; кепілдіктер берудің және кредиттік келісімдерді тіркеудің тәртібі туралы нұсқаулықтарды бекітсін;

мемлекеттің сыртқы қарызын басқарудың бірыңғай жүйесін жасасын; шетелдік кредиттік желілер бойынша мемлекет есебіне өтелген қарыздар жөнінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің бюджет алдындағы борышын өтеуінің есебін қамтамасыз етсін;

нақты тауар түрлері бойынша экспорттық және импорттық баждардың ставкаларын жасауға қатыссын;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен келісімдер негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кепілдіктері бойынша берілетін шетелдік валютадағы кредиттерді тиімді пайдалануға бақылау орнатсын;

шетелдік мемлекеттермен қаржылық және мұліктік талаптар қою ісіне қатыссын;

мемлекеттің кеден шекарасы арқылы занды тұлғалар бажсыз тасымалдайтын тауарлардың көлемін анықтау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатыссын;

тауарлар мен қызметтерді экспорттауды квоталау және лицензиялау тәртібін сақтауға бақылау жасауды қамтамасыз етсін;

импортталатын тауарлар бойынша акциздер мен қосымша құнға салынатын салықтың мөлшері бойынша ұсыныстар әзірлесін;

шетелдік іссапарларға жұмсалатын валюталық қаражаттың көлемін

жоспарласын және осы қаражатты пайдаланудың тәртібі туралы ұсыныстар өзірленсін;

шетелдік іссапарларға жұмсалатын шығындардың мөлшерін бекітсін және осы қаржының аванстық есебін анықтау тәртібін айқындасын;

Қазақстан Республикасының шетелдердегі елшіліктері мен өкілдіктерін қаржыландырудың негізгі принциптерін жасасын және осы мекемелердің есеп және есеп беру тәртібін анықтасын, сондай-ақ жергілікті жерлерге барып осы мекемелердің аталған қаржыны нысаналы пайдалануына бақылау жасасын;

валюталық реттеу және валюталық бақылау жөніндегі нормативтік құжаттар өзірлеуге, шетелдік инвестицияларды тартуға, аталған мәселелер бойынша заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлауға қатыссын;

4. Осылан орай:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орталық аппаратының құрамында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жергілікті басқару органдары үшін белгіленген жалпы лимит шегінде Сыртқы борышты реттеу, валюталық және экспорттық бақылау департаменті құрылсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қызметтік жеңіл автомобиль лимиті 1 машинаға арттырылсын.

6. Сыртқы борышты реттеу, валюталық және экспорттық бақылау департаменті директорының лауазымы дәрігерлік және тұрмыстық қамсыздандыру, көліктік қызмет көрсету шарттары бойынша Қазақстан Республикасы министрінің орынбасары лауазымына теңестірілсін.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетіне республиканың кеден шекарасынан өткен кезде заңды және жеке тұлғалардан тәргіленіп алынған валюталық құндылықтарды есепке алуға, бағалауға және оларды нысаналы пайдалануға бақылау жасауды қамтамасыз ету міндеті жүктелсін.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзім ішінде Сыртқы борышты реттеу, валюталық және экспорттық бақылау департаменті туралы Ережені бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК